«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТІРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Петропавл к., Жамбыл к., 241
тел/факс:(7152) 42-53-52
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

г.Петропавловск, ул. Жамбыла,241
тел/факс:(7152) 42-53-52
e-mail: fink.petr@minfin.gov.kz

«24» 02.2020г. № 04-08/331

ЖК «Жұманова А.С.»
Түркістан облысы
Жетісай ауданы
Жетісай қаласы
Шоқай көшесі, 22

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* Сіздің 18.02.2020ж. № 63057 өтінішіңізге «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* № 28921220-ОК1 лот бойынша № 3817142-1 ашық конкурс тәсілінде өткізген «Интерактивті панель» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізгенін хабарлайды, онда Сіздердің дәлелдеріңіз жартылай расталды.

Әлеуетті өнім беруші ЖК «SMART-TECH» конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілу мәселесі бойынша Конкурстық құжаттаманың 16-т, 2) тармақшасына *«Конкурсқа қатысу өтінімінде ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық спецификациясы болуы тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерге функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамасы, соның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауын, патенттерін, пайдалы модельдерін, өнеркәсіп үлгілерін, тауардың шыққан жерінің атауын және өндірушінің атауын және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ 2-1, 2-2 және 2-3- қосымшаларына, тауарлар үшін осы КҚ 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өзге де сипатамалар баяндалады. Қажет болған жағдайда техникалық спецификацияда нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі»*

Ұйымдастырушы техникалық спецификацияда әлеуетті өнім берушіге талаптар белгіледі. *«Маркасын және/немесе тауарлық белгісі не қызмет көрсету, моделі және типі көрсетіле отырып, тауар атауы»*.

Алайда, ЖК «SMART-TECH» әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін, атап айтқанда, техникалық спецификациясында маркасы мен моделі бар, *«Интерактивная панель Марка/Модель QTouch QL65»* тауар атауы көрсетілген техникалық спецификация ұсынды.

Осылайша, ЖК «SMART-TECH» техникалық спецификациясы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келеді.

Әлеуетті өнім беруші «Global interactive (Глобал интерактив)» ЖШС конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілу мәселесі бойынша «Мемлекеттік сатып алулар туралы» 04.12.2015ж. ҚР Заңының 21-б., 2-т. 2) тармақшасына сәйкес «*Сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, техникалық өзіндік ерекшелік қамтылуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі*» белгіленді.

Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес «*техникалық спецификацияда сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалануға беру және өзге де сипаттамалары көрсетіледі*».

Алайда, Ұйымдастырушы техникалық спецификацияға әлеуетті жеткізушіге талаптар белгілеген: «*Кепілдік мерзімі (ай) - 36*». Алайда, әлеуетті жеткізуші «*Global interactive (Глобал интерактив)*» ЖШС конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін техникалық спецификация, атап айтқанда техникалық спецификацияда «*Кепілдік мерзімі (болған кезде)(ай) - 24*» көрсеткен.

Осылайша, ҚР Қаржы министрінің 11.12.2015ж. № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-т. 2) тармақшасын бұзуда «*Әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуына жол берілмейді: егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы*», конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «*Global interactive (Глобал интерактив)*» ЖШС конкурстық өтінімін конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қатыстырудан бас тартпаған.

Камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015ж. №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүргізілгенін атап өту қажет.

Департамент Ұйымдастырушы атына камералдық бақылау қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолдады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 12.01.2007ж. № 221 Заңының 12-б,, 14-б., 6-т. сәйкес Сіз өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған лауазымды адамға немесе бағыну тәртібі бойынша субъектіге, сондай-ақ қабылданған шешім туралы мәлім болған сәттен үш айдан кешіктірмей сотқа шағымдануға құқылысыз.

Басшы орынбасары **А. Сыздық**

Исп.: Ереженов Ж.Ж.
Тел.: 8(7152)42-51-72